


Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз. Ол сізге алдағы уақытта қажет болуы мүмкін.

Бұйымның сипаттамасы

Зарядтаушы тысқап




Құлаққап



Құлаққаптар M өлшемді қондырмалармен бірге келеді. Егер ол өлшем сізге сәйкес келмесе, Сіз S немесе L өлшемді қондырмаларды орнатуыңызға болады.

Тағылуы



Құлаққапты құлақ арнасына абайлап салыңыз да, басты шайқағанда түсіп қалмайтынына көз жеткізіңіз.



Құлаққапты сөйлескен кезде микрофон ашық болатындай етіп туралаңыз.

Зарядтау

Құлаққаптар мен зарядтаушы тысқапты толық зарядтау үшін, құрылғыны пайдаланбай тұрып, құлаққаптардың түйісу беттерінен қорғаныс үлдірін алыңыз.

Қорғаныс үлдірі


Құлаққаптар мен зарядтаушы тысқапты бір уақытта зарядтау үшін, зарядтауға арналған кабельді қосыңыз.

Зарядтау кейсін зарядтаған уақытта оның индикаторы қызыл түспен жанады да, ол толық зарядталғанда сөнеді.

Зарядталу барысында индикатор қызыл түспен жанады.

Толық зарядталғанда оның түсі ағарады да, 1 минуттан кейін индикатор сөнеді.

Бұл өнімнің жеткізілім жиынтығына зарядтауға арналған кабель кірмейді.



Қосу

1-тәсіл: құлаққаптар зарядтау қорабында болады және қақпақты ашқаннан кейін автоматты түрде іске қосылып, құрылғыға қосылады.

2-тәсіл: егер құлаққаптар зарядтау кейсіне салынбаса және өшіп тұрса, олар қолдан қосылғанша, көпфункционалы батырмаларды жеке-жеке 1 секунд басып ұстаңыз.

Қосылғаннан кейін индикаторлар ақ түспен жанады.

Өшіру

1-тәсіл: құлаққаптар зарядтау кейсінде болмаған кезде көпфункционалы батырманы шамамен 5 секундтай басып ұстап тұрыңыз.

2-тәсіл: құлаққаптарды зарядтау кейсіне орналастырыңыз да, қақпақты жабыңыз.

3-тәсіл: егер құлаққаптар қосылу күйіне өтсе және 5 минут ішінде оларға ешқандай құрылғы қосылмаса, олар автоматты түрде өшіп қалады.

Қосылу

Автоматты қосылу.

Құлаққаптар бір-біріне автоматты түрде қосылады және қақпақ ашық тұрғанда оларды түйінdestіру үшін табуға болады.

Алғаш жұпталғаннан кейін құлаққаптар соңғы рет жұпталған құрылғыға автоматты түрде қайта қосылады (құрылғыда Bluetooth қосулы болуы тиіс). Ескертпе. Егер құлаққаптарды қосу мүмкін болмаса, оларды зарядтау кейсіне салып, қақпақты жабыңыз да, жоғарыда сипатталған әрекетті қайталаңыз.

Бір және екі құлаққаптың арасында ауысу:

Қос құлаққапты да екі құлаққап режимінде қосқаннан кейін, құлаққаптың кез келген біреуін зарядтау кейсіне қайта орналастырып, қақпақты жабыңыз, екінші құлаққап бір құлаққап режиміне өтеді. Кейінірек құлаққапты зарядтау кейсінен алып шыққан кезде, екі құлаққап режимі автоматты түрде қалпына келеді.

Қолмен қосу:

Өшіп тұрған екі құлаққапты да қолмен қосыңыз, екі индикатор ақ түспен жанады, сосын сол және оң жақ құлаққаптардың бір-біріне қосылуын күтіп, қызыл және ақ түс алма-кезек жыпылықтайды. Қосылым орнатылысымен, индикатордың екеуі де ақ түсте баяу жыпылықтайды. Ақыр соңында, құлаққаптарды тауып, оларға қосылу үшін Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

Құлаққап параметрлерін бастапқы күйге қайтару

Екі құлаққапты да зарядтау кейсіне салыңыз, құлаққаптар зарядталу күйіне өтеді, сосын екі құлаққаптың да көпфункционалы батырмаларын 10 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.

Құлаққаптың индикаторлары қызыл және ақ түсте үш рет жыпылықтай бастаса, демек олардың қайта іске қосылғаны.

Функциялары туралы жалпы ақпарат

Қоңырауларды қабылдау және аяқтау

Қоңырауға жауап беру үшін, көпфункционалы батырманы ақырын басыңыз, қоңырауды аяқтау үшін, оны шамамен 1 секундтай басып ұстаңыз.

Қоңырауды қабылдамау

Бір қоңырау: қоңырауды қабылдамау үшін, көпфункционалы батырманы шамамен 1 секундтай басып ұстаңыз.

Үшжақты байланыс: қоңырауларды қабылдамау үшін, көпфункционалы батырманы екі мәрте басыңыз.

Музыка ойнату/Кідірту

1-тәсіл: көпфункционалы батырманы басыңыз.

2-тәсіл: музыканың ойнатылуын тоқтата тұру үшін, құлаққапты шешіңіз, әуенді ойнатуды бастау үшін құлаққапты тағыңыз.

Дауыстық көмекшіні іске қосу

Құлаққапты пайдаланған уақытта дауыстық көмекшіні қосу үшін, көпфункционалы батырманы екі мәрте басыңыз.

Ескертпе. Құрылғы дауыстық көмекші қызметін қолдауы қажет және жылдам ояту белсенді етілуі керек.

Екінші кіріс қоңырауын қабылдау және бір қоңыраудан екіншісіне ауысу

Ағымдағы қоңырау кезінде екінші кіріс қоңырауына жауап беру үшін, көпфункционалы батырманы басыңыз. Бір қоңыраудан екіншісіне ауысу үшін, көпфункционалы батырманы екі мәрте басыңыз.

Құлаққаптар мен құрылғының арасында ауысу

Сөйлесу кезінде қоңырауды телефонға ауыстыру үшін, кез келген құлаққапты шешіңіз, қоңырауды құлаққапқа ауыстыру үшін, кез келген құлаққапты киіңіз.

Дыбысты өшіру/қосу

Сөйлесу кезінде құлаққапты өшіру/қосу үшін көпфункционалы батырманы екі мәрте басыңыз.

Ойын режимін қосу/өшіру

Егер құлаққаптар ойын кезінде пайдаланылса, дыбыс кідірісін азайта алатын ойын режимін қосу үшін, көпфункционалы батырманы қатарынан үш мәрте басыңыз немесе ойын режимін өшіру үшін, көпфункционалы батырманы қатарынан үш мәрте басыңыз.

Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді екі құлаққапта да пайдалануға болады.

Мі телефонын жылдам қосу

Құлаққапты зарядтау кейсіне орналастырып, қақпағын жабыңыз. Мі телефонында Bluetooth қосулы екеніне көз жеткізіп, оны зарядтау қабына тақаңыз, сосын қаптың қақпағын ашыңыз да, телефонды құлаққапқа қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Ескертпе. Жылдам қосылу функциясы қазір тек кейбір Мі телефондарында ғана істейді. Мі телефоны соңғы тұрақты нұсқаға дейін жаңартылуы қажет.

Автоматты түрде қосылу

Құлаққаптар зарядтау кейсінде болғанда, зарядтау кейсінің қақпағын ашу арқылы сіз құлаққапты соңғы пайдаланылған Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қосасыз. Егер құлаққаптар бес минуттың ішінде қандай да бір құрылғыға қосылмаса, олар автоматты түрде өшіп қалады.

Өшірулі

Құрылғыдағы Bluetooth өшірулі тұрғанда немесе құлаққаптан қолмен ажыратылғанда, құлаққаптар автоматты түрде қосылуды күту күйіне өтеді. Егер 5 минуттың ішінде ешқандай құрылғы қосылмаса, құлаққаптар автоматты түрде өшіп қалады.

Құлақта қалай тұрғанын анықтайтын датчик

Кіріктірілген оптикалық датчик нақты уақыт тәртібінде құлаққаптың қалай тағылып тұрғанын анықтай алады, ол құлаққаптың құлақта екендігін анықтай алады. Мысалы, егер құлаққаптар қосылған құрылғы тоқтап тұрса, құлаққапты құлаққа кию музыканы қосады, ал құлаққапты алып тастасаңыз, музыка ойнатылуын тоқтатады.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, керек-жарақтың және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек таныстыру мақсатында ұсынылған. Аспаптың нақты сипаттамалары мен қызметтері өнімнің жақсаруына байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Сақтық шаралары

Ескерту

1. Бұйымды қандай да бір себептермен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе түрлендірмеңіз, өйткені бұл бұйымның жануына немесе тіпті толық бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.
2. Бұйымды өте төмен немесе өте жоғары температураның (0 °C-тан төмен немесе 45 °C-тан жоғары) әсеріне ұшыратпаңыз.
3. Құлаққапты пайдаланғанда, бұйымның индикаторларын балалардың немесе жануарлардың көзінен аулақ ұстаңыз.
4. Бұл бұйымды найзағай кезінде пайдаланбаңыз. Ол бұйымның бұзылып қалуына әкелуі және электр тогының соғу қаупін арттыруы мүмкін.
5. Құлаққапты немесе оның тысқабын спиртпен немесе басқа да ұшпа сұйықтықпен сүртпеңіз немесе тазаламаңыз.
6. Бұйымға су тиюіне жол бермеңіз.
7. Зарядтау кейсі толық зарядталысымен, оның индикаторы сөнеді. Сол уақытта зарядтауға арналған кабельді қайтадан қосса, индикация болмайды, бұл зарядтау қабын зарядтаудың мүмкін еместігін білдірмейді.

Ескертпе

1. Егер бұйым 2 аптадан астам уақыт бойы пайдаланылмаса, оны пайдаланар алдында зарядтап алғаныңыз жөн.
2. Тек сапалы бұйымдарды өндірушілер сертификаттаған зарядтау құрылғыларын ғана пайдаланыңыз.
3. Құлаққаптарды ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалану есту қабілетіне зиян келтіруі мүмкін. Құлаққапты ұзақ уақыт бойы дауысын қатты қойып пайдаланбаңыз.
4. Құлаққапты пайдалану сыртқы дыбыстардың қабылдануын шектеуі мүмкін. Құлаққапты қауіпті орындарда пайдаланбаңыз. Көшеде құлаққаптың тек біреуін ғана пайдалануға кеңес береміз.
5. Bluetooth-дің техникалық сипаттамаларына қарай белгінің қуаты ол пайдаланылатын нақты ортаға байланысты, егер жақын маңда жабатын басқа сымсыз белгілер болса немесе күшті электромагниттік кедергілер болса, құлаққаптар қабылдаған белгі әлсіреуі немесе тіпті сөніп қалуы да мүмкін. Егер құлаққаптар ажыратымдылығы аса жоғары бейнежазбаны көру үшін немесе күрделі 3D ойындарын ойнау үшін пайдаланылса, аудиобелгіні кодтау мен қайта кодтауда кідіріс туындап, аудио және бейнежазба синхрондалмауы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары

Атауы: Сымсыз құлаққап

Mi Earbuds Basic 2S.

Үлгісі: TWSEJ07LS.

Bluetooth жұмыс жиілігінің ауқымы:

2402–2480 МГц (ЕО үшін).

РЖ ең үлкен шығу қуаты: <20 мВт (ЕО үшін).

Құлаққап

Өлшемдері: 27 × 17 × 22 мм.

Таза салмағы: шамамен 4,2 г (әр құлаққап).

Сымсыз желінің әсер ету радиусы: 10 м
(кедергі болмаған жағдайда).

Акумулятордың сыйымдылығы: 46 мА•сағ
(әр құлаққапқа).

Зарядталу уақыты: шамамен 1,5 сағ.

Әуенді ойнату уақыты:

Шамамен 4 сағ. (тек қана құлаққап);

Шамамен 20 сағ. (зарядтау құрылғысы).

Күту уақыты: шамамен 120 сағ.

Кіріс тогы: 5 В = 100 мА.

Батарея түрі: литий-полимерлі батарея.

Сымсыз қосылу: Bluetooth 5.0.

Bluetooth профильдері: HFP, A2DP, HSP, AVRCP.

Зарядтаушы тысқап

Өлшемдері: 64 × 44 × 31 мм.

Кіріс тогы: 5 В = 500 мА. Шығыс тогы: 5 В = 150 мА.

Зарядталу уақыты: шамамен 2,5 сағ.

Акумулятордың сыйымдылығы: 600 мА•сағ.

Батарея түрі: литий-полимерлі батарея.

Сақтау температурасы: 0 °С-тан 45 °С-қа дейін.

Жұмыс температурасы: 0 °С-тан 45 °С-қа дейін.

Қызмет мерзімі: 1 жыл.



СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ ЕО ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Dongguan Yingsheng Electronic Technology Co.,

Ltd. радио жабдықтарының TWSEJ07LS типі

2014/53/EU Директивасының талаптарына

сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік

талаптарына сәйкестік туралы декларацияның

толық мәтіні мына мекенжай бойынша

қолжетімді:

<http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html>

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ДҰРЫС ЕМЕС АККУМУЛЯТОРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ЖАРЫЛЫСҚА ӘКЕП СОҒУЫ МҮМКІН.

ІСТЕН ШЫҚҚАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ

НҰСҚАУЛАРҒА СӘЙКЕС КӘДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетін бүлдіріп алмау үшін, аудионы
ұзақ уақыт бойы дауысын жоғары қойып
тыңдамаңыз.

Электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу туралы ақпарат.



Осы таңбамен белгіленген бұйымдардың барлығын (WEEE, 2012/19/EU директивасы) сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жаратқан жөн.

Денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында мұндай жабдықты үкімет немесе жергілікті билік органдары белгілеген электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын арнайы орындарға қайта өңдеуге тапсыру қажет. Кәдеге жарату мен қайта өңдеудің дұрыс орындалуы қоршаған ортаның ықтимал ластануын және кейіннен адам денсаулығына кері әсерін болдырмауға көмектеседі. Арнайы қабылдау орындарының орналасқан жері және олардың жұмыс істеу шарттары туралы көбірек білу үшін, жабдықты орнатумен айналысатын компанияға немесе жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.



Қосымша мәлімет алу үшін www.mi.com сайтына кіріңіз

Қытайда жасалған

Шығарылған күні: қаптамадан қараңыз

Пайдаланушының нұсқаулығына қосымша

TWS гарнитура Xiaomi Mi True Wireless Earbuds Basic 2S қара түсті Yllrici: TWSEJ07LS

Құрылғының қолданылу мақсаты

Құрылғы музыканы, сөздерді немесе өзге де дыбыстық белгілерді дербес тыңдауға арналған.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және көдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °C-тан +40 °C-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Ғимарат ішінде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп жағбарласыңыз немесе құрылғыны көдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және көдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне көдеге жаратуға жіберу керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Иншэн Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд. К. 204, 4 -корп., Хунту № 86 тас жолы, Наньчэн ауданы, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Дайындаушының уәкілетті тұлғасы: «ВОК сараптамалық бағдарламалар орталығы» автономдық коммерциялық емес ұйымы. Ресей, 119618, Мәскеу, Октябьдің 50 жылдығы к-сі, 4-үй.

Қызметті жүзеге асыратын орынның мекенжайы: Ресей, 115419, Мәскеу қ., 2-ші Роцца оралымы, 8-үй, 4-корп.

Қытайда жасалған.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

TM Mi.

Тауар Еуразиялық Экономикалық Одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Дайындалған күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.



